

Жастардың ұлттық келбетін қалыптастыру

2014 жылдың 3 сәуір күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде кураторлар мектебінің ұйымдастыруымен тәлімгерлерге арнап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті п.ғ.к, С.Қожаева «Жастардың ұлттық келбетін қалыптастыру» тақырыбында дәріс өткізді. Дәрісте ЖОО тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жолдары қарастырылды.

Семинарға қатысқан куратор оқытушылар біздің бүгінгі жастардың ұлттық келбеті қандай болу керек деген өте үлкен, ең өзекті тақырыпта ой қозғады.

С.Қожаева қыз бала тәрбиесіндегі оғаш жәйттердің орын алып бара жатқандығын, ұлтымыздың өсіп-өнуіне әсер ететін қыздарымыздың ұлттық келбетін қалыптастыруға қоғам болып атсалысу керектігіне тоқталып, маңызды ойлар айтты.





